

# АЖИҚАТ ТАҢЫ



«ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ»

*Рухани ғибрат журналы 2/2008*



# Киелі Құдай

“Сендер Мені кімге ұқсатасыздар,  
Кіммен Мені салыстырасыздар? – деп  
Сауал қояды Киелі Құдай.

– Аспанға көз жіберіп қарандаршы:  
Кім жаратты ондағы жұлдыздарды?!”

Бір-бірілеп алып шығып шоқжұлдыздарды,  
Әрқайсысын өз атымен шақырады.  
Тәңірдің құдіреті сонша зор болып,  
Біреуі шет қалмай, бәрі Оған бағынады.

Ол жаратты жердің түкпір-түкпірін.  
Ешқашан Құдай шаршап-шалдықпайды,  
Ол қалжырағанға қуат сыйлайды,  
Қажып, шаршағанға күш дарытады.

Ишая пайғамбардың жазбасы 40:25-29

# Көктем

Қаһары кетіп қақаған қыстың ызғарлы,  
Ерітті сел қып жылуы күннің құрсағын барлық мұз қарды.  
Көктем де келді, жандантып ерек сай менен бүкіл саланы,  
Оятып ұзақ ұйқыда жатқан сергіте алып даланы.

Кеберсіп қалған былтырғы ескі түбірден,  
Шығыпты өскін бой алып ерек көгеріп.  
Көктемнің шуақ лебін сезіп, бусана,  
Жарыпты бүршік ағаштар күллі еңсесін бүкіл көтеріп.

Жанданып тоғай, сан алуан құстың үніне толып сайраған,  
Көгалда түлеп, көгеріп бәрі кілемдей түсті жайнаған.  
Аязда тоңып жәндіктер жүрген ықтасын іздеп бүрісіп,  
Жылынып бойы кетіпті бәрі жұмылып іске кірісіп.

Келеді көктем жыл сайын бізге ақыры жазға ұласып,  
Бұл екі маусым тұрғандай бізге ерекше айқын сыр ашып.  
Шаруадан босап, шуағына мол шомылып көктем күнінің,  
Ұмытып қыстың ызғарын суық алыстап кеткен қыр асып.

Біздегі өмір жайдары жайсаң көктемі жанның достарым,  
Өмірдің мынау қайтара келген өткенің сенің жас шағың.  
Аспаның ашық, алдыңда Әке беретін тозбас қазына,  
Көктемнің дағы ұласпақ мәңгі өмірдің жарқын жазына.

Бекбаев Тұрғанбек



## Балалар - Құдайдың рақымымен берген сыйы

Қымбатты бауырластар! Бүгін сіздерге Құдай Әкеміздің көз-қарасымен өте маңызды жандар туралы ойыммен бөліскім келеді. Біз адамдар, соның ішінде қазақ халқы бала дегенде ішкен асымызды жерге қоятын халықпыз. Әрине, тек қана біздің ұлт емес, бүкіл жер бетіндегі адамзат, сонымен қатар тіршілік иелерінің бәрі сондай деп ойлаймын. Аумин!

Құдайға шүкір, бәріміз біреудің сүйікті ұлы немесе қызымыз. Бәріміздің ата-аналарымыз бар немесе өкінішке орай, бір кездері болды, ал қазір әр түрлі себептермен жоқ. Мүмкін, кейбіреулерімізді әке-шешелеріміз өсіріп, бақпаған да шығар. Бірақ та бәрібір осы өмірде ата-ананың орнын басқан жандар болды. Олар – ата-әжелеріміз немесе өгей әке-шешелеріміз.

Осы уағызды оқып отырған оқырмандардың көбі қазіргі кезде де ата-аналар деп сенемін. Біздің де отбасымызда Құдай сыйлаған үш баламыз бар. Біреуі ұл, екеуі қыз бала. Жаратқан Иеге солар үшін мың да бір алғысымды айтамын. Егер сіз әлі де біреуге ана немесе біреуге әке болмасаңыз, ерте ме, кеш пе бәріміз ата-ана болуға шақырылдық. Осы туралы Жаратылыстың басталу кітабында анық жазылған: «... Оларға оң батасын беріп: «Өсіп-өніп көбейіңдер! Ұрпақтарын

жайылып, жер бетін толтырыңдар!» – деді. Бұл біздің арғы түп атамыз Адам-ата мен Хауа-анаға қалдырған негізгі өсиеті. Сондықтан да бүгінгі жазылып отырған сөздер сіздердің өмірлеріңізден маңызды орын алады деп ойлаймын.

Киел кітаптағы Иеміз Исаның сөзіне көңіл аударатын болсақ, Матай жазған Ізгі хабардың 18:1–4 аяттарында мынадай сөздер жазылған:

«Сол уақытта шәкірттері Исаның қасына келіп: – Құдай Патшалығында кімнің жолы ең үлкен? – деген сұрақ қойды. Иса бір кішкентай баланы шақырып алып, орталарына тұрғызып қойды да, былай деді:

– Сендерге шындығын айтайын: теріс пікірлеріңнен қайтып, бала сияқты (кіші пейіл) болмасаңдар, Құдай Патшалығына еш кіре алмайсыңдар! Кім өзін осы сәби сияқты кіші тұтса, Құдай Патшалығында соның жолы ең үлкен». Иеміз Иса балаларға жауапкершілікпен қарауымыз керектігін және олардың мінез-құлықтарының қаншалықты маңызды екені туралы айтқан. Яғни, балалардың Құдай Патшалығында орны бөлек. Құдай біздің осы өмірде балалар сияқты сенгіш, қарапайым, мойынсұнғыш болғанмызды қалайды.

Енді мынадай сұрақ туады. Ата-ана болу деген не? Тек қана «Құдайдың өсиетін орындап қойдым» дегенді білдіре ме? Әрине, жоқ. Жаратқан Иенің алдында ата-ана болу деген – бұл Оның алдында үлкен жауапкершіліктің бар екенін мойындау. Өкінішке орай, біздің заманымызда қазір ата-ана болуға немқұрайлы қарап жатамыз. Айналаңызға қарасаңыз, біздің қоғамда келеңсіз жәйттер көптеп кезігеді. Соның ішінде, «жетім балалар үйінде» қаншама тастанды балалар өмір сүріп жатыр. Қазақстандағы тастанды балалардың санын естісеңіз, де-неңіз түршігіп кетеді. Менің өз халқымды айыптағаным емес, бұл – факт. Бұл Жаратушының көзқарасымен үлкен күнә. Өйткені, бұл Құдай Тағаланың берген баға жетпес керемет сыйына жауапкершіліксіз қарау.

Екіншіден, балалы болу сізге не береді? Әрине, бұл – жарылқау, Құдайға мойынсұнып, Оның өсиетін орындау. Мұны

## Өмір сөзі

Жаратушы Ие ұнатады және толықтай құптайды. Сондай-ақ бұл өз отбасыңыздағы, ата-аналарыңыз немесе бүкіл туған-туыстарыңыз үшін үлкен қуаныш. Халқымыз үшін кішкене болса да теңіздің бір тамшы суындай қосқан қуанышты үлесіңіз. Сонымен қатар, сіз үшін тағы да жауапкершіліктің өсуі. Сол себептен, сіз балаалы болған кезіңізде осыларды Құдайдан деп қабылдаңыз.

Енді көз алдыңызға келтіріңіз, бала дүниеге шыр етіп келген кезде, сіз енді бала емессіз, есейдіңіз. Оның орнына «енді мен әке немесе анамын» деген түсінік келуге тиіс. «Құдайдың берген сыйына қандай жауапкершілікпен қарауым керек?» деген сұраққа Құдай сөзінен жауап іздеңіз.

Мен өзім 23-жасымда әке болдым, ал жұбайым 22-жаста ана болды. Ол кездері әйеліміз екеуіміз де жаспыз, бізге балалы болу оңай соққан жоқ. Өйткені біріншіден, мен жоғары оқу орнында студент едім. Екіншіден, шынайы Құдайды білмейміз, «әйтеуір бір Жаратқан Ие бар ғой» деген оймен өмір сүріп жаттық. Құдай сөзін оқу керектігін немесе Оның алдында үлкен жауапкершілігім бар екенін мүлдем білгеніміз жоқ. «Иә, Құдай берді, бірақ қалай өсірсен, солай өсір» деген түсінік қана болды. Құдайға рақметімді айтамын, қайын жұртым бізге жақын тұрып, олардың көп көмегі тиді. Әрине, ата-ана ретінде екеуіміз де бірдей оны жақсы көрдік. Сол кезде Тірі Құдайды білмесек те, бар білген сүйіспеншілігімізді ұлымызға жайып салдық. Кішкене ауырып қалса, жанымыз ашып, көтеріп алып, емханаға жүгіреміз.

Әлі есімде, ұлымыз екі айлық кезінде іші қатты ауырып, түні бойы жылап шықты. Содан не істерімізді білмей, көршілерімізге «бір көмегі тиер» деген үмітпен кеңес сұрап бардық. Себебі сол кезде олардың үш жасар балалары болды. Көршіміз абыржығаннан алып-ұшып келіп, отқа қыздырылған ыстық қой майын дәкеге құйып, баланың қарнына басып қалғаны, бала қатты шырылдап жылап қоя берді. Ол сасқанынан «ештеңе етпейді, жылап-жылап қояды» деді. Ұлымыз байғұс жылай-жылай шаршап, бір кездері ұйықтап қалды. Содан

таңға жуық дәкені басқан орнын қарасақ, қан сорғалап ағып жатыр. Қатты күйгендіктен, терісі етімен ойылып қалыпты. Содан қан ағып жатыр екен. Сасқанымнан не істерімді білмей, жүгіріп дәріхананың сатушысына келіп: – Күйікке жағатын қандай май (мазь) немесе қандай дәрілер бар, соның бәрін сатып аламын, – деппін. Сөйтіп 5-6 майдың түрін жағып, әрең аман алып қалғанбыз.

Құдайға шүкір, сол кезде Жаратқан Иенің Өзі араласып, аман алып қалды деп сенемін. Шынайы ата-ана қандай болу керек екенін Құдай сол кезде бізге анық көрсетті. Қазір ұлымның жасы 17-де. Қауымдағы мадақтау тобында, музыкалық аспапта ойнап, Жаратушы Иемізді мадақтап жүр. Сол оқиғадан кейін төрт жылдан соң, біз «Құтқарылу жолы» қауымына барып, тәубе етіп, Исаны «Құтарушымыз» деп жүрегімізге қабыл алдық. Сол кезде бізге көп нәрсе түсінікті болды.

Енді бала тәрбиесіне келетін болсақ, Киелі жазбаның Ефестіктерге арналған хатының 6:4 аятында былай делінген: «Ал ата-аналар, балаларыңа шектен тыс ұрыспандар, керісінше, ақылмен жөн сілтеп, Иемізбен жүргендерге лайықты тәрбиелеңдер!». Құдай сөзі ата-аналарға ескерту ретінде айтқысы келеді, «балаларыңа шектен тыс ұрыспандар». Өкінішке орай, бізде: “Бала ата-анасынан қаншалықты қорықса, соншалықты мойынсұнғыш келеді” деген қалыптасып қалған түсінік бар. Шын мәнінде, бұл Құдай сөзіне сай емес. Яғни, біз балаларымызды жұдырықтың күшімен қорқытып тәрбиелей алмаймыз. Құдай сөзін естіп, Оның өсиеттерін білген ұл немесе қыз ата-анасын сыйлап өседі. Тек қана оларға «...ақылмен жол сілтеп», Құдай сөзін үйретіп отыру керек. Балаларыңыздың қауымға өзіңізбен бірге баруына ешқашан кедергі болмаңыз. Кейін өскеннен соң өкініп қаласыз. Керісінше, қауымдағы жексенбілік сабақтардан қалдырмай, тәрбиешілерінің берген тапсырмаларын орындап отыруға көмек беріп отырыңыз.

Біздің ең кішкентай қызымыз қазір бес жаста. Есімде, сол үш жасында, өзінің қуыршақтарын жинап, отырғызып қойып,

## Өмір сөзі

«қауым» ойнайтын. Яғни, қауымда көргенін істейді. Содан оларға уағыз айтады, соңында, «кім тәубе еткісі келеді» деп сұрайды. Кейін қуыршақтары «тәубе» етіп жатады. Қызық, балалар тез қабылдағыш және тез түсінгіш келеді. Сондықтан да бала кезінен қауыммен бірге тәрбиеленіз. Дүние өртеніп кетсе де, қауымнан қалдырмаңыз. Бірге мінажат етуді үйретіңіз. Өзіне жеке Киелі кітап алып беріңіз. Жасына сай балаларға арналған Киелі жазбадан оқып отырыңыз. Өсе келе кәдімгі үлкен Киелі кітапты сыйлаңыз. Кішкентай кезінен Құдайға қызмет етуді үйретіңіз. Көзге көрінбейтін, ұсақ-түйек қызмет болса да, адамдарға жақсылық жасауды үлгі етіңіз. Аумин!

20-жастағы бір қыздың әкесі сенбеуші, ал анасы Құдайға мойынсұнған сенуші болған екен. Бірақ та қызына әкесінің ықпалы көп тиген болса керек. Бір күні қызы айықпайтын ауруға шалдығып, өлім аузында жатқан кезде әкесінен:

– Әке, сенен өлім алдында рұқсат болса бір нәрсе сұрайын, «өлгеннен кейін бәрі бітеді» дегенің шын ба? Әлде анамның «Құтқарушы Иса бар» дегені шын ба? Мен сіздердің қайсыларыңа сенейін?» – деп сұрайды.

Сонда әкесі бірден жауап бере алмай, біраз ойланып, қызының қиналып жатқанын көргеннен соң, оған:

– Қызым, анаңның айтқан сөздеріне сен! – деген екен. Сол күні қызы қайтыс болып кеткен, кейін әкесі отыра қалып Жаратқан Иеге тәубе етіпті.

Осы оқиғадағыдай, балаларымызға Құдай сөзіне сай тәрбие бере алмасақ, ертең өкініп қаламыз. Сондықтан да Елші Пауылдың «...Иемізбен жүргендерге лайықты тәрбиелендер!» дегеніндей, Құдай өсиетін іс-жүзінде орындаушылар болайық. Аумин!

Ал енді осы хаттың 6:1–3 аяттарында былай делінген:

– Балалар, Иеміздің еркіне мойынсұнып, әке-шешелеріңнің тілін алыңдар, өйткені осылай істегендерің дұрыс. «Ата-анаңды сыйла! Бұл Құдайдың бір уәдемен байланыстырып берген алғашқы өсиеті: – Сонда бақытты болып, жерде ұзақ өмір сүресің».



Бұл жерде балалардың ата-аналарына деген көзқарасы туралы айтады. Балалар ретінде ата-аналарымызға құрметсый көрсету, Құдайдың алдында басты да маңызды өсиет. Кім әке-шешесін сыйламаса, ол кісі сенбеушіден де ары. Яғни, Құдайға сенбейтін, Оның өсиеттерін білмейтін имансызбен тең. Егер осы өмірде ата-аналарымызды сыйлап өтетін болсақ, Құдай сөзі уәде еткендей: «...Сонда бақытты болып, жерде ұзақ өмір сүретін боласың»

Қымбатты бауырластар, біздің ата-аналарымызға деген көз-қарасымыз өзгеруге тиіс. Алысқа бармай-ақ қояйық, тіпті біздің қаламыздағы «қарттар үйі» лық толы, орын жоқ. Мен соларды өз көзіммен көрдім. Бір кездері сол жерде қайырымдылық іс-шарасын өткізгенбіз. Олардың арасында барлық ұлттардың өкілдері бар. Бұл нені білдіреді? Демек, қазіргі ұрпақтың ата-аналарына деген қарым-қатынасын көрсетіп тұр. Бұл Құдайдың алдын-да жиіркенішті күнә болып есептеледі. Ата-аналарымыздың қадірін тірі кезінде біліп жүрейік. О дүниеге аттанып кеткеннен кейін, оларға көрсеткен сый-құрметтеріміздің еш пайдасы жоқ. Әсіресе, олардың құтқарылуы үшін көп дұға етейік. Өйткені олардың көбінің санасында бұрынғы кеңес үкіметінен қалып қойған түсінік бар. Ал кейбіреулерін діншілдіктің рухы жаулап алған. Сондықтан ата-аналарымыз үшін дәнекерлік мінажатында Құдай алдында тұрайық.

Қорытындылай келе, ата-аналар, балаларыңыз үшін рухани күресуге дайын болыңыз. Мына дүние азғырып, өз қалауын балаларымыздан алғысы келеді. Бала тәрбиесін қолдарыңыздан шығарып алмаңыздар. Өсіп кеткен соң кеш болады. Үмітіңізді ешқашан үзбеңіз. Бар мүмкіншілікті дер кезінде пайдаланып қалыңыздар. Өйткені Құдай Патшалығы балалардікі.

Киелі кітаптағы 1-ші Патшалық кітабы 1:26–28 аяттарында былай жазылған: «Ханна оған: «Мырзам, шынымды айтамын: мен баяғыда осы жерде, сіздің қасыңызда тұрып, Жаратқан Иеге сиынған әйелмін ғой. Сол кезде мына баланы сыйлай көрсін деп жалбарынған едім. Тәңір Ие өтінішімді жүзеге

## Өмір сөзі

асырды. Енді мен де уәдемді орындап, баланы өмір бойы Оның қызметіне бағыштағым келіп отыр», – деді. Сонда олар иіліп Жаратқан Иеге ғибадат етті». Міне, Ханна деген әйелдің өз ұлын Құдайға толық бағыштағаны туралы оқыдық. Бұл оқиғаның аяғын білесіздер. Сол ұл, Құдайдың адамдарға жіберген пайғамбары – Самуил еді.

Ал енді, балалар! Ата-аналарымызға оң көзбен қарайық. Оларды құрметтеп, оларға қызмет етейік. Олардың біз үшін төккен терін, еңбектерін қадірлейік. Жоғарыда айтылғандай Ханна Құдайдан қалай жалынып, жалбарынып ұл баланы сұрап алды? Сол сияқты біздің де әке-шешелеріміз бізді де Құдайдан сұрап алды, біз үшін түн ұйықысын төрт бөліп, өсіріп бақты. Егер ата-аналарымызды құрметтеп өтсек, сонда Жаратушының еркін толық орындаймыз. Құдай сіздерге жар болсын! Аумин!

*Ұлдар - игілік Жаратқан Иеден келген,  
Балалар - Оның сыйы рақыммен берген*

Ізгі ниетпен,  
бауырларыңыз,  
Қанатбаев Нұрлан



## Даналықтың шақыруы

Сонымен, балалар, құлақ салыңдар,  
Қандай бақытты – жолымды сақтағандар!  
Өсиетімді тыңдап, дана болыңдар,  
Еш уақытта одан бас тартпандар!  
Қандай бақытты – күнде тілімді алған,  
Сергек болып қақпамда күтіп тұрған.  
Өйткені мені тапқан шынайы өмір табады,  
Жаратқанның ризалығына ие болады.

Сүлейменнің нақыл сөздері 8:32-35



## *Үяда не көрсе...*

- \* Егер бала басқаларды сынап-мінегеннен басқаны білмейтін ортада өскен болса – айыптау мен кінәлаудан басқа еш нәрсе үйренбейді.
- \* Егер бала қастандық пен дұшпандық жайлаған ортада өскен болса – өшпенділікке үйренеді.
- \* Егер бала басқаларды келеке-мазақ етуге бейім ортада өскен болса – ол өзін де, басқаларды да жаратпайтын адам болып есейеді.
- \* Егер бала шыдамдылық пен төзімділік көрсетілген ортада өссе – ол сабырлы болып есейеді.
- \* Егер бала жігерлі ортада өскен болса – ол батылдыққа әрі нық сенімділікке үйренеді.
- \* Егер бала мақтаулы ортада өскен болса – басқаны құрметтеп, қадірлей білуге үйренеді.
- \* Егер бала сенімдері нық адамдардың ортасында өскен болса – сенім артып үйренеді.
- \* Егер бала бір-бірін қолдаған ортада өскен болса – басқаларды сыйлап үйренеді.
- \* Егер бала сыйластықты көріп өссе – ол сүйіспеншілікке үйренеді.



### *“Құтқарылу Жолы” қауымына 15 жыл*

Осы жылы ақпанның 10-жұлдызында Алматы қаласындағы «Құтқарылу жолы» қауымы 15 жылдық мерекесін атап өтті. Осыдан 90 жылдай уақыт бұрын Алматы (Верный) қаласына Ізгі хабар жетті. Қалада үлкен қауым құрылды. Қауым құрамындағы сенушілер орыс және неміс ұлттарынан еді. Сенушілердің жүрек түкпірінде жатқан бір арманы – Иса Мәсіхтің қауымында қазақ халқының да болуы. Мәсіхшілер қазақ халқына «ҚҰТҚАРЫЛУ ЖОЛЫ» ашылсын деп Тәңірге мінәжат ете бастады. Сиыну бірнеше жылдарға созылды. Сиынудың жауабы ретінде 1991 жылы заңды тіркеуден өткен алғашқы қазақ мәсіхшілерінің Құдайға құлшылық жиыны пайда болды.

1992 жылы 27-желтоқсанда 17 адамнан құралған жиналыста жеке қазақ-орыс қауымының болуына бірауыздан келісті.

Ал 1993 жылы 25-қаңтарда қауым «Құтқарылу Жолы» деген атпен тіркеуге тұрды.

1993 жылы 3-сәуірде алғашқы шомылдыру рәсімі болып, төрт адам шомылдырудан өтті. Олар – Ахаман, Әлімхан, Бает және оның анасы Мақат апа еді.

Мереке басталып та кетті. Есіктен кіріп келгенде: «Осыған дейін Жаратқан Ие бізге көмектесіп келді», – деп көмкеріле жазылған аятқа көз тоқтатпау мүмкін емес. Иә, Жаратқан Ие маған көмектесіп келесің деп іштей қайталап, жан-дүниен шексіз ризашылыққа толады. Мерекені осы қауымда тәубеге келіп, ертесі күні-ақ өзі ақын, композитор болмаса да Киелі рухтың жетелеуімен жазылған Жұлдыз Абдуалиеваның «Құдай сонша жақсы көрді қазақ даласын» әнімен бастады.

### *Құдай сонша жақсы көрді қазақ даласын*

*Құдай сонша жақсы көрді қазақ даласын.*

*Ол жіберді Өзі сүйген Иса баласын.*

*/Күнәсынан құтқарылсын, аман болсын деп,  
сүйгендіктен құрбандыққа берді Баласын/ 2р.*

*О, Жаратқан неіткен шексіз махаббатың!*

*Бітпес сонша бізге төгер шапағатың.*

*/Сынамыз бір Өзіңе Құдай Әке.*

*Тыныштық та, қуаныш та бір Өзіңде/ 2р.*

*Талай адамбилмей кетті бұл шындықты.*

*Білсе дағы, қабылдамай құрбандықты.*

*/Ей, адамзат аялдашы, қабылдашы.*

*Иса төккен күнәң үшін таза қанды/ 2р.*

Қауым бақташысы өз құттықтауынан кейін алғашқы сөзді Астанадан арнайы шақыртылған координатор Нұрлан Төлеуовқа берді.

– 15 жыл уақыт аз да емес, көп те емес, – деп бастады өз тілегін Нұрлан бауырласымыз.

– Бұл адамның туылған күні емес, қауымның туылған күні. Қауым – бұл Құдайдың сөзін естуге келетін жер. Қауым шындықты айтатын жер. Осындай жердің барына Құдайға шүкір!



## Мерей той

Он жыл маған қарсы болып келген анам ауырған кезінде менен: – Балам шындық деген не? – деп сұрады.

Мен анама: – Сіз осы ауруыңыздан айықпайтын сияқтысыз. Өлімге дайынсыз ба? – дегенімде,

– Өлімнен қорықпаймын, өлімге дайынмын, – деді.

– Өлімнен емес, өлімнен кейін болатын нәрседен қорқыңыз.

Шындық деген Иса. Шындықты біліп, Исаны танитындар жұмаққа дайындалады. Қайда баратынын білмейтіндер жұмаққа бара алмайтындар екенін түсіндіргенімде, анам маған:

– Түсіндіретін адам бар болғанына Құдайға шүкір, – деді.

Анам өмірден өтер алдында тәубеге келіп, Иса Мәсіхпен жарасып кетті.

Қауым үміт ететін жер. Қауым шындықты түсіндіретін жер. Қауым уақытша нәрсе емес, қауым – мәңгілік. Қауым – Иса Мәсіх денесіне қаланған тірі жандар жиыны. Осы жерге барлық халықтардың да келе алатыны үшін Құдайға алғыс!

*"Сонымен сендер енді не бәттен, не кірме сияқты емес, Құдайдың халқы болып келген яһуди сенушілерімен бірдей, сол халықтың азаматысыңдар, тіпті "Құдайдың от басының мүшелерісіңдер"!*

*Амин!*

*Ефестіктерге арналған хат 2:19*



– Менің атым Алихан, келіншегім Алтынкүл екеуміз 1999 жылы Иса Мәсіхті танып біліп, тәубеге келдік. Ең бірінші болып ортаншы балам Ерлан «Құтқарылу жолы» қауымына келіп, тәубе жасады. Одан кейін үлкен ұлым Еркін, кейінірек кіші балам Қуаныш та тәубеге келді. Иса Мәсіх құрған «Құтқарылу

жолы», «Ақиқат» қауымдары және басқа да қауымдардағы сенуші бауырларымыз арқылы сол жылдары қиналып, ауырып жүрген кезде, жұбайым Алтынкүл екеуміз Құдайымыздың шексіз сүйіспеншілігін ерекше қабылдадық. Жүрегімізге Иса Өз тыныштығын берді. 2004 жылы Құдайымыздың ерекше батасының арқасында өзімізді қызметке арнадық. Қазір «Құтқарылу жолы» қауымында уағыз айтып, сиыну жиналысын өткізу қызметіндемін. Алтынкүл Иемізді мадақтау қызметінде. Қазірде жұмыс орнымызда және өмірде Құдай кездестірген адамдарға Оның кешірімі жайлы Ізгі хабарды жариялаймыз. Бауырларға тілегіміз:

*«Ал сенім артқандар Тәңірің Іезге  
Маңа күш-қуатты иемденеді,  
Қырандай қанаттарын жайып кеңге,  
Самғай жөнеледі, алайда талмайды,  
Жүре береді, бірақ болдырмайды»*

*Ишая пайғамбардың жазбасы 40:31*



Өз өмірімдегі Құтқарушымыз Иса Мәсіх арқылы Тәңірімізбен татуласқанға дейінгі және татуласқаннан кейінгі өткен жылдар мен күндерге ой жүгірткенде, Киелі жазбаның сөзін өзіммен байланыстыра отырып, қуана былай деп айтқым келеді: “Міне, 19 жыл Жаратушы Ие, өзіңнің Құдайың сені өз қолыңмен жасаған кез келген істе батасынан құр қалдырған жоқ.” Мен 1988 жылы көктемде тәубеге келдім. Тәңіріміз менің жүрегімді алғаш рет 20 жасқа келгенімде қақты. Бұл 1970 жылы, тамыз айы болатын. Ол кезде Алатау совхозында ауруханада жұмыс істейтінмін. Бірде кезекші мейірбике біздің

## Мерей той

---

бөлімшеге бір мәсіхші түскенін, оның кез келген сұрағына қанағаттанарлықтай жауап беретіні жәйлі айтты. Мен жалпы мәсіхшілер туралы біраз хабардар едім. Бұрыннан өзімді ойландырып жүрген бір сұрағым болған. Неге адамдар ішеді? Соның салдарынан олардың жанұясы, әсіресе балалары зардап шегеді. Мен бала кезімнен мас адамдарды жек көретінмін. Өзім сондай жанұяда өстім. Мас әкемді, ұрыс-керісті, жылаумен жүретін анамды, керексіз 10 баланы есіме алсам денем тітіркенеді. Енді, міне, медицина саласында қызмет ете бастағаннан кейін, осы жамандықпен күресуім керек: әңгімелер өткізу, ішімдіктің зияны туралы қабырға газеттер шығару т.с.с. Бұл шара теңізге тамған бір тамшы судай ғана іс еді, өйткені дүкен сөрелерінде түрлі ішімдіктер сықасып тұр. Осы сенуші кісі маған: маскүнемдік – бұл күнә, оны тек Құдай ғана емдеп, тоқтата алады, – деді. Ол кезде мен Құдай ғана тоқтата алады дегенге түсінген жоқпын, тағы да ол маған өмірде жолдар көп екенін, соның ішіндегі ең маңыздысы Құдай жолы екенін түсіндірді. Маған ақ параққа: «Остановись» деген жыр жазып берді. Бұл өлең маған арналғанын, тоқтап, қай жолды таңдау керектігін кейін түсіндім. Ол кезде мен өзіме сеніп, тек мединститутқа түсуді, карьераны армандадым. Үш кішкене баламен мединститутты үлкен қиындықпен бітірдім. Жанбағыс та керек, базарда тұрып алма сатуға тура келді. Нәтижесі жақсы болған жоқ. Оқудан да балалар маңызды еді. Кейін дұрыс емесін мойындадым. Дәрігер болып жүргенімде, менің учаскемдегі бір келіншек мен үшін анасының сиынып жүргенін айтты. Кейін сол адаммен «Голгофа» сиыну үйіне бардым. Мен алғаш рет сиыну үйіне келгенде таңғалдырған нәрсе – балалар. Олар періштелер сияқты, алдыңғы қатарда тыптыныш отыр. Айтылып жатқан әндердің сөзі жаныма жағып, жүрекке жылы тиеді, көзімнен жас парлап отыр. Жиналыстан кейін жетекшіге жолықтық. Менің сұрақтарым өте көп еді. Ол сөзінің аяғында: «Артына қарай берген соқашыдай жалтақ адам Құдай Патшалығы үшін тиімсіз» (Лұқа 9:62) деп жауап берді. Осы аят әлі күнге дейін құлағымда жаңғырып тұрады.



Сол жолы тәубеме келіп, Құдаймен жарасып, шомылдыру рәсіміне дайындалдым. Шомылдыру рәсімінен өтетін уақыт таяғанда жолдасыма айтып, анам мен апайымды шақыруға кеттім, ойым қуанышыммен бөлісу. Анам жақсылап тыңдап, бар шаруасын қалдырып, маған ілесіп келді, апайым да қолдады. Бірақ қалған туған-туыстар жиналып, мені шомылдыру рәсіміне жібермеді. Менің қуанышым су сепкендей басылды. Жүрегімді бұрынғыдан да ары ауыртпалық басты.

Бірде жан-дүниемді уайым басқанда көкке көзімді тігіп: «Тәңірім, не істеу керек?» – дегенім сол еді, уайым лезде жоғалып, сиыну үйіне барғым келіп кетті. Қайтадан сиыну үйіне баруды бастадым. Үйге қайтып келе жатқанда жолдасым ұрсады деген қорқыныштан тізем дірілдейтін. Жүріп келе жатып: «Құдайым, менен қорқынышты алып тасташы» – деп сиынататынмын. Сол сәтте: «Сүйіспеншілікте қорқыныш жоқ. Шынайы сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды, себебі қорқыныш жазаға байланысты. Қорқатын кісінде сүйіспеншілік мақсатына жеткен емес» (1Жохан 4:18) деген аят есіме түсті. Бір жылдан кейін Сайран көлінде шомылдыру рәсімінен өттім. Менен басқа да түрлі ұлттан 100-ге жуық адам өтті. Менің жанұямда үлкен өзгеріс болды. Бар билікті жолдасыма тапсырдым. Үйде тыныштық, татулық, қуаныш, береке орнады.

1989 жылы күзде үлкен ұлымды әскер қатарына қабылдады. Уайымдап сиынып жүрдім, менің өтінішім бойынша қауымдағы бауырластар да сиынды. Кейін оның айтуынша, әскерге бұрын келгендер кейін келгендерге күш көрсетіп, үлкен төбелес болған. Тек менің ұлым ғана дін аман шыққан. Оны көргендердің бәрі сен сол жерде болмағаның ба деп таңқалған. Әрине, бұл біздің сиынуға Құдайдың берген жауабы. Құдай Өз рақымын менің жанұяма, жақындарыма, туыстарыма шексіз жаудырды. Бірақ жақындарым бұны жасап жатқан Кім екенін мойындағылары келмей, бұл кездейсоқтық деп қабылдайды. «Құдай Өзін мазақтатып қоймайды» (Ғал 6:7). Құдай мені Өз сынақтары арқылы жетелеуде, кейде отты сынақтардан

## Мерей той

өткізеді. Бұл менің жолдасыма да, балаларыма да, жақын-жарандарыма да әсерін тигізеді. Қиындық болған сайын Құдайға жақын боласың. Алғашқы қазақ тілді «Құтқарылу жолы» қауымына мүше бо-луға берген мүмкіндігі үшін де алғысымды айтамын. Басқа қауымға ауысуға ниетім болған кездер болды, бірақ Құдайдың маған: «Мен қойған жерден табыл» деген сөзін тыңдадым. Өзін шын жүрегімен жақсы көретін бауырластармен, Өз халқымен кездестіргені үшін Құдайға ризамын. Ағам Бекет өлер алдын-да, 2003 жылы Құдаймен жарасып кетті. Қыздарымның біреуі сиынады, бірақ қауымға келмейді. 2007 жылы анам Құдаймен жарасты.

Неліктен рухани жеміс аз? Себебі аз сиындым және балаларымның сенуші болуы үшін емес, олардың білімі, жұмысы т.с.с. әбігер тіршілік үшін сиындым. Біреу былай айтқан екен: «балалар болғанда тәжірибе болмады, тәжірибе болғанда балалар қалмады». Енді сенбеуші балаларым немерелеріме Иса туралы айтуыма қарсы. Неліктен мен рухани әлсізбін, жиі құлаймын? Менің жанұям казақ халқының оккультизмге толы, әруақтарға, пұтқа табынатын ырым-сырыммен өмір сүреді. Жолдасыммен ренжіспеу үшін осындай дәстүрді ұстанатындар шақырған жердің бөріне баратынымын, артынан кө-ңілім құлазып, сиынуға, қауымға баруға ниетім жоқ болып қалатын едім. Өзімнің рухани әлсіздігімнің себебі осыған да байланысты екенін түсініп, Ыбырайым сияқты сенбеушілерден рухани бөлініп шығу керек деген шешімге келдім. Мен Құдайға осыны айтып сиынғанда, Ол мені ерекше кереметпен қолдады. (Забур 90:4–те айтылғандай). Бөріне мәсіхші екенімді, басқа нәрсеге табынуға арналған жиындарға бара алмайтынымды ашық айта бастадым. Біз қолдау күтетін бірден-бір есіміміз – Көк пен жерді Жаратқан Иеміз. Забур 123:8

Бөріне айтар тілегім:

*«...үздіксіз Құдайға сиыныңдар»  
Құдайдың сөзінде нық тұрыңдар. Сенушілермен қарым-қатынаста болыңдар. Сонда жеңіске жетесіңдер.  
Құдай сіздерге жар болсын. Амин.»*



Мен Ресейдің оқшау жатқан кішкене деревнясында, тұрмысы ауқатты жанұяда дүниеге келдім. Біздің жанұяда әкешем, 9 бала және бәрімізді тәрбиелеген сүйікті әжем болды. Барлық балалардан гөрі мен әжеме жақынырақ едім, өйткені оның Құдай жайлы әңгімелері мен ертегілерін тыңдағанды өте ұнататынмын. Әжем Құдайды терең қастерлеп, дінге байланысты парыздардың бәрін ұстанатын. Бала кезден бәрімізге Құдай бар, жұмақ пен тозақ бар деп үйретті. Біздің орнықты, төзімді болып өсуімізге көп көңіл бөліп, қатал болды. Мен әкемнен қатты қорқушы едім, сондықтан ренжітпеуге тырысатынмын. Ал анам болса жұмсақ жүректі, қарапайым, барлық жағынан әкеме тәуелді әйел болатын. Біз мектепке барғанда Құдай жоқ деп үйретті, бірақ менің жан-дүнием бұған іштей қарсылық білдіретін. Әжемнің ақыл-кеңесін жақсы сіңіргендіктен, сол кісінің айтқаны бойынша өмір сүруге тырыстым. Бір нәрсені дұрыс істемесем, мен үшін ұятқа қалатын болды деп дереу ата-анам туралы олайтынмын. Өйткені көп адамдар үшін мен жақсы жағымнан үлгі едім және жанұямызда бауырларым мен әпке, сіңілілерім менің пікірімді тыңдайтын. Бірақ осымен бірге менің жүрегімде менмендік те пайда болды. Ештеңеге көңілім толмай, жүрегімде бір нәрсе жетіспейтіндей қанағатсызданып тұратынмын.

Жан-дүнием құлазып, тыныштық таппай, егер өлім бар болса, адам не үшін өмір сүреді деп өзіме сұрақ қойып, жиі ойға бататын болдым.

Арада жылдар өтті. Тұрмысқа шығып, бала сүйіп, ел қатары тіршілік кешіп жаттық. Бірде бізге Людмила Макаровна деген

## Мерей той

---

жаңа көрші пайда болды. Ол кісі «Альфа-Омега» қауымына барады екен. Маған Құдай жайында түсіндіріп, оқуға түрлі кітаптар берді. Исаның қазақтар үшін де өлгенін естіп, білу мен үшін таңқаларлық жаңалық еді. Ол мені өзі барып жүрген қауымға шақырды, бірақ мен мұсылман бола тұрып қалайша орыс шіркеуіне барамын деп ойладым. Айқыштан өзім бала кезімнен қорқатынмын. Ол кісі маған бір күні Киелі кітап әкеп берді. Орыс шіркеуі мен барлық халықтардың сиыну үйі арасындағы айырмашылықты түсіндірді. Мен өзімді күнәһар емеспін деп санасам да, бүкіл адамзаттың күнәлары үшін өлген Мәсіх туралы көбірек білуге құмартып, кітапты тездетіп оқуға кірістім. Людмила Макаровна маған «Құтқарылу жолы» қауымына баруды ұсынды, мен келістім. Бұл 1994 жылдың 14-шілдесінде еді. Қауымда мені өте жылы қарсы алды. Басқа бір әлемге кіріп кеткендей сезімде болдым. Ол жерде Астрахандық жерлестерім – Арсен, Абылай, жұбайы Жаңылсынды кездестірдім, олар мені ерекше рухани қамқорлыққа алды. 1994 жылы, 14-тамызда тәубеге келдім. Үйге келе жатқанда жүріп емес, қанат бітіп ұшып келе жатқандаймын. Қауымға барып жүргеніме алғашында күйеуім қарсылық білдіргенмен, кейіндеу менің жақсы жағына қарай өзгере бастағанымды байқағанда кедергі келтірмеді. 1994 жылы 17-желтоқсанда шомылдыру рәсімінен өттім.

Біздің «Құтқарылу жолы» қауымы рухани сынақтар мен рухани қиындықтарды бастан кешкен ауыр кезеңдерден өтті, бұл жылдарда қызметшілер жиі ауысты. Әсіресе рухани бауырластардың қауымға келмей кеткендері мен басқа ағымға кеткендері жанымызға қатты батты. Бірақ Құдай былай деген: «Сол іргетастың үстіне Мен Өзіме сенушілердің қауымын саламын. Оны тіпті өлімнің күштері де жеңе алмайтын болады». Матай 16:18.

Бүгінде қауым Құдайдың көмегімен еңбектенуде, өмір сүруде. Осы қауымда рухани туылып, Тәңірдің сүйіспеншілігінің дәмін осы жерде татқандықтан, бұл сиыну үйі маған өте қымбат. Қауымның 15 жылдық мерейтойы бәрімізге үлкен

қуаныш болды. Қазіргі кезге дейін өмір сыйлаған Тәңіріме шексіз разымын. 13 жылдан бері осы қауым мүшесімін, сондықтан осы қауымның басынан өткен жәйттің бәрі менің жүрегімнен де өтеді. Менің тілегім:

*Қауым құтқарылған жандарға талса, рухани да өсіп, бір рухта болсақ. Сондай-ақ Тәңіріміз Иса Мәсіхке соңына дейін адал болып қалу. Киелі кітаптан айтарым: «Ал сендер өздеріңді қара түнектен тамаша нурына шақырған Тәңірдің қасиеттілігі мен ұлы істерін мадақтап жариялауға таңдалған нәсілсіңдер. Патшаның діни қызметкерлері, қасиетті ұлт – Құдайдың меншікті халқы болдыңдар!» 1Петір 2:9. Менің басқа ұлттық бауырластарымның жүрегіне қазақ халқы үшін сиындуды салған Тәңір Иемізге шексіз алғыс! Иеміздің аты мәңгі мадақтала берсін! Амин!*



– Сіздерге Иса Мәсіхтің тыныштығы мен сүйіспеншілігін тілей отырып, өзім туралы куәлік жазуға мүмкіндік берген Құдай Өкеге шүкіршілік етемін. Мен 1966 жылы, Тараз қаласы, Сарыкемер ауданы, Ленин ауылында дүниеге келдім. Жанұяда 5 қыз, 3 ұл және ата-анам. Ата-анам өз балаларына бар ықыласымен, даналығымен тәрбие бере алған жандар. Қазір зейнеткер. Құдайға шүкір, бауырларымның бәрі өз алдына отау тігіп, өмірден алған тиісті үлестерімен күн кешуде. Өзім 2000 жылы 26 мамырда тәубеге келдім. Ізгі хабарды сіңілім Жанна арқылы естідім. Ол Ізгі хабарды толықтай айтып болған соң, Киелі кітапты сыйға тарту етті. Сөз арасында барлық ұлттарға арналған сиыну үйіне бару керектігін айтты. Жаннаның айтуынша сол жерді іздеп тауып алдым. Үйдің сыртында: «Барлық ұлттарға арналған сиыну үйі», – деген жазуы бар екен.

## Мерей той

Осы жазуды оқығаннан кейін еш тартынбастан әр жексенбі сайын барып тұрдым. Жиын орыс тілінде жүреді, яғни ол жерде орыс бауырлар жиналады екен. Әр жексенбі сайын осы жерде айтылатын уағыз және рухани әндерді тыңдай отырып, Иса менің күнәм үшін айқышта құрбан болғанын және өзімнің күнәһар екенімді сезіп, ылғи жылап отыратын едім. 3 апта өткен соң қауымға басқа жақтан қазақ бауырластар келіп, уағыздар және рухани әндер айтты. Сол кезде маған өте әсерлі болған 218-әннің қайырмасы:

*Киелі кітап – ырысым,*

*Күнәға қарсы қылышым.*

*Тластай боп қатқан жүректер,*

*Сөзіңді естіп жібісін.*

*Мұздай боп тоңған көңілдер,*

*Оларды оқып жылысын.*

2000 жылы, 6-шілдеде шомылдыру рәсімінен өттім. Шомылдыру рәсімінен өткеннен кейін, жексенбілік мектепте қызмет ете бастадым. Бауырлар көмек көрсетіп көп жетеледі. Қауымда балалармен айналысып жүріп, Алматы қаласында жылына 2 рет болатын балаларға жетекшілікке дайындайтын семинарға қатысып тұрдым. Әр семинарға келген сайын менің түсінгенім: Құдай әр баласынан Өзінің заңын орындап, Оған сенім артып, Сөзін басқаларға жеткізуді талап етеді екен. 2001 жылы желтоқсан айында өткен семинардан кейін Алматы қаласында қалып, «Құтқарылу жолы» қауымына мүше болдым. Бауырластар мені құшақ жая қарсы алып, балалармен қызметімді жалғастыра беруіме ықылас білдірді. Барлығын рет-ретімен дайындап қойған Жаратқан Иеге шексіз алғысымды айтамын.

2002 жылы 21-маусымда АҚ «Рахат» фабрикасына жұмысқа тұрып, фабриканың жатақханасынан орын алдым. Сенушіге, әлбетте, жаңа тұрмыс пен жаңа жұмыс орнында көптеген қиындықтар кездеседі. Алайда, Жаратқан Ие істерімнің сәтті болуына әрдайым қолын созды. Жүсіпке жар болғандай маған да Құдай жар болды. Ол шамаңнан артық жүк көтертпейді.

120-забурде айтылғандай, ата-ана өз баласын қалай жақсы көріп, еш жамандыққа қимаса, Жаратқан Ие де Өзінің жаратқан пендесін өте жақсы көреді. Мен осы аят арқылы Жаратқан Иеге көбірек сиынуым қажеттігін ұғындым. Бауырластардың мінажатына жауап ретінде қауымда көптеген істер алға басып, жастар шомылдыру рәсімінен өтіп, мүшелікке қабылданды. Міне, осылайша жылдар жылжып, қауымның құрылғанына 15 болып қалыпты. Бүгін соны тойлаудамыз. Осы салтанатты мерекеде менің жүрегіме Құдай Өке тағы Өзінің сүйіспеншілігінің зор екенін айтты. Қазақ халқы үшін жан сала қызмет етіп жүрген көптеген бауырлар өз өмірлерінен куәлік келтірді. Сол бауырластарға шын жүректен алғысымды айтамын. Тәңір алдында қай ұлттың баласы болса да құлшылығымыз бірдей.

Сенушінің барлық өмірін Жаратқан Ие Өзінің бақылауына алып тұрады. Жаратқан Иеге алғысымды білдіре отырып, Дәуіт пайғамбардың мынандай жыр шумақтарын айтқым келеді:

*«Аузымнан шыққан дәріптеуімді, уа, Ием,  
Ерікті сый-тарту деп қабылдай гөр менен,  
Сондай-ақ, үйрете гөр шешімдерімді Сен».*

*Забур 118:108*







Құдай халқының қатарында екеніме қатты қуанамын. Түрлі қиындығымызбен, түрлі мінездерімізбен, ұқсайтын-ұқсамайтын жақтарымызбен біз бәрібір де бір жанұямыз. Себебі рухымыз бір, Құдай Әкеміз бір. Бұл жанұя маған ыстық. Мен тәубеге алғаш келген жылдары туған сіңілімнің отбасы өздерімен араласпауымды кесіп айтты: “Сіз көпірсіз, біздің үйге мүлдем келмеңіз,” – деді. Маған туған сіңілімнің отбасымен, туыстармен қатынаспау, әрине, қиын болды. Бірақ Киелі Жазбада: “Адамдардың ығына қарай жығылмаңдар, Құдай Сөзін дәл мен уағыздағандай берік ұстаныңдар...” – деп жазылған ғой. Олар солай шешкеннен кейін мен араласпадым, бірақ сиынып жүрдім. Құдайға кішкене істе адал болсаң, оны орындауға кішкене ниетің болса Құдай Өзі сен үшін бәрін жасайды. Содан бері біраз жылдар өтті. Құдай Өз жұмысын жасап жатыр. “Резуан апай, бізге мүлде жоламаңыз” дейтін қыз, қазір осы қауымға келіп тұрады. Оның бір науқасы бар, нақты диагнозы қойылмаған. “Лор дәрігерлері стоматологқа, стоматологтар лор дәрігеріне жібереді. Не істеуіме болады?” деп менімен ақылдасады. Құдайға мінәжат ет деймін. Қазірше оған осы сөз жеткілікті. Анасына Резуана апай дұрыс айтады, сиыну керек дейді екен. Қазір олар мені үйіне жиі шақырады, араласып тұрғанымды қалайды. Бірге туған апайымның қызы жақында әдейілеп менің туылған күніме келді. Қасында ұлы және тағы бір танысы бар. Бізде сол күні сиыну жиналысы болатын. Олар уағыз тыңдады, бірге тамақтандық, кейін әлгі кісі концертіне шақырды. Бұл да бекер емес, Құдайдың жұмысы. “Сөз шықпай тұрып-ақ менің аузымнан Оны толық білесің уа, Жаратқан! Керемет ғажап – жасаған істерің, мұны мен шын жүректен мойындаймын” деп Дәуіт пайғамбар айтпақшы, шынымен де Құдайдың істері керемет ғажап!



*“Құтқарылу жолы” қауымының жастары*

– Барлығыңызға сәлем. Бүгінгі 15 жылдық мерей той құтты болсын! Сенім сүрлеуіндегі өмірлеріңізде кезігетін барлық қиыншылықтардан жеңімпаз болып шығуларыңызды тілеймін!

*– Сүйікті бауырластарым, бір-бірімізді сүйейік!*

*Себебі сүйіспеншілік Құдайдан;*

*сүйетін адам – Құдайдың баласы, ол Құдайды біледі.*

*Моханның 1-хаты 4:7*



*Мохаммад*

– Бүгінгі мерей той құтты болсын бауырластар! Барлықтарыңызға Иса Мәсіхтің нұры жаусын!

*– Бізге Иеміз Иса Мәсіх арқылы жеңісті сыйлайтын Құдайға мәңгі шүкірлік етілсін!*

*Қорынттықтарға арналған 1-хат 15:57-58*



*Әлия*

– Қауымды бүгінгі мерей тойымен шын жүректен құттықтаймын! Жастар құтқарылып, қауымда жастар көбейе берсін. Барлығыңызға Құдайдың тыныштығы мен амандығын тілеймін!

*“Ал Киелі жазбада: “Саған сендім, сондықтан айттым” делінген. Осындай сенімнің рухымен біз де Оған сенеміз, сондықтан Ол туралы айта береміз”*

*Қарынттықтарға арналған 2-хат 4:13*



*Разила*

– Барлық бауырларымды “Құтқарылу жолы” қауымының 15 жылдық мерей тойымен құттықтаймын! Бауырластарыма тілегім:

*– Сүйіспеншілік шыдамды да мейірімді, Ол еш қызғанбайды, мақтанбайды, паңданбайды. Сүйіспеншілік не жүгенсіз, не өзімшіл, не ашуан емес, Ол кек те сақталамайды.*

*Сүйіспеншілік әділетсіздікті құталамай, Ақиқатқа қуанады.*

*Қорынттықтарға арналған 1-хат 13:4-7*



*Әлия*

### Бағушыға хат:

– Қымбатты бағушы, жақында болатын футбол ойынына мінажат етіңізші. Құдай бізге Өзі көмектессін не жақсы жаттықтырушы жіберсін!

\*\*\*\*\*

– Қымбатты бағушы, менің папам маған Он Өсиетті жатқа білуің керек деп айтады, ал мен оны жаттағым келмейді, өйткені үйде онсыз да ережелер жеткілікті!

\*\*\*\*\*

– Қымбатты бағушы, Құдай кімнің жақсы, кімнің жаман адам екенін қайдан біледі? Оған сіз айтып бересіз бе, әлде Ол газеттен оқып алады ма?

\*\*\*\*\*

### Әркімге тиістісін бер

Мәскеудің Киелі кітап Семинариясында тәлім алып жүрген бір студент бауырымыз күн көріс үшін майда-шүйде сатып саудаға шығыпты. Ал ол сауда жасайтын жерде «крышаң» болмаса жұмыс істеу мүмкін емес көрінеді және әр сатушы өз «крышасына» қандай да бір салық төлейді екен.

Сөйтіп бір күні әлгі бауырымыз жұмыста отырғанда, тоқыр басты “көке” келіп, одан:

– Кімге жұмыс істейсің?, - деп сұрайды.

Студент: – Элохимге! – деп жауап береді.

Әлгі “көке” Элохимді танитындай сыңай танытып:

– Ал сен оған неше төлейсің? – деп сұрайды.

Студент: – Тапқан табысымның он пайызын!

– Мәс-са-ған, сонда өзіңе не қалады?! Ал мен «крышама» небәрі бес-ақ пайыз төлеймін!